



ТҰТЫНУШЫДАН ӨНДІРУШІГЕ АЙНАЛАТЫН КҮН ҚАШАН?



Қазақстан қазір әлемнің 150-ге жуық елімен қарым-қатынас жасайды. Алайда, сыртқа шығатын өнімнің басым бөлігін шикізат құрайды. Ал терең өңдеуден өткен дайын бұйымның үлесі өте төмен. Сондықтан, әлі күнге дейін Қазақстан сауда-саттық жүргізетін 130 мемлекеттің бірде-бірінде отандық тауар өндірушілердің ресми дистрибьютерлері ашқан сауда желісі жоқ.

Қазақстанда өндірілетін өнімдер ең көп сатылатын Ресейдегі санаулы дүкеннің өзінде ассортимент саны жүзден аспайды. Осыған қарамастан мемлекет тарапынан отандық өндірушілердің өз өнімін шетелге экспорттауын қолдау үшін бюджеттен бөлінетін қаржы көлемі жыл өткен сайын өспесе, кеміп жатқан жоқ. Бір қызығы, Үкімет басшысы мен министрлер Қазақстанда шикізаттың үлесі кеміп, өңдеу өнеркәсібінің дамып келе жатыр деп айтудан жалыққан емес. Әрине, 1990 жылдармен салыстырғанда соңғы онжылдықта көрсеткіштің өскенін жоққа шығаруға болмайды.

(Соңы 3-бетте)

Баспасөз – 2022



Құрметті оқырман!

«Зан газеті» және «Юридическая газета», «Зан», «Фемида» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға

«Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Зан газеті»
жеке тұлғалар үшін – 65921
заңды тұлғалар үшін – 15921

✓ «Юридическая газета»
жеке тұлғалар үшін – 65928
заңды тұлғалар үшін – 15928

✓ «Зан» журналы – 75849
✓ «Фемида» – 75858

Байланыс телефоны: 8 701 276 8989

✉ zanreklama@mail.ru

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ



Тимур ЕРМАҒАМБЕТОВ,
Қарағанды облысы Әділет
департаментінің басшысы:

«ӘРБІР АЗАМАТ МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРГЕН ЗАҢ КӨМЕГІН АЛУҒА ҚҰҚЫЛЫ»

– Тимур Қуатұлы, әділет органдары нотариат саласындағы қызметтің сапалы атқарылуына да жауапты. Бұл салада өзгерістер, жаңғыртулар бар ма?

– Нотариат – бұл нотариаттық іс-әрекеттер жасау арқылы жеке, заңды тұлғалардың құқығы мен заңды мүддесін қорғауды қамтамасыз ететін білікті заң көмегін көрсету жөніндегі құқықтық институт. Бүгінгі таңда Қарағанды облысындағы нотариустардың жалпы саны 334. Ағымдағы жылдың 9 айында жасалған нотариаттық іс-әрекеттер саны 596 260-ты құрады, нотариустар бюджетке салық түрінде 313 миллионнан аса теңге аударды.

(Соңы 5-бетте)

МІНБЕР

СУДЬЯЛАРДЫ САПАЛЫ ІРІКТЕУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

БИЫЛ ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР. ОСЫ ЖЫЛДАР ІШІНДЕ МЕМЛЕКЕТІМІЗ БАРЛЫҚ ЖАҒЫНАН ДАМЫДЫ. СОНЫҢ ІШІНДЕ СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ АЗАМАТТАР ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ҚОРҒАЛУЫ ҮШІН КӨПТЕГЕН РЕФОРМАЛАР ЕНГІЗІЛДІ.

Мемлекетті мемлекет ететін заң десек, сол заңның мүлтіксіз орындалуын қадағалап, әділдік принциптерін жүзеге асырушылардың алдында қоғамның және азаматтардың құқығы мен заңды мүддесін заңсыз қолсұғушылықтан қорғайтын ол – сот жүйесі. Сот жүйесінде болған жүйелі өзгерістер баршаның сотқа қолжетуін қамтамасыз етіп қоймай, кез келген тұлғаның өз құқығын сот арқылы жүзеге асыруына жол ашты, азаматтардың сот билігіне сенімін күшейтті. Әсіресе, соңғы жылдары халық-

тың сотқа деген сенімін арттыру бағытында көптеген жұмыс атқарылды. Осы орайда сот төрелігін жүзеге асырудағы басты тұлға – судья екені баршамызға мәлім. Халықтың сотқа деген сенімін арттыратын бірден-бір тұлға да судья. Сондықтан елімізде судьяларды іріктеу жұмысына талап күшейіп, жыл өткен сайын жоғарылай түсуде.

Қазақстанның Жоғары Сот Кеңесі уақыт сұранысына сай судьяларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарып отыр. Заңға сәйкес Кеңес – ел Прези-

дентінің соттарды құру, судьялардың тәуелсіздігі мен ешкімнің тиіспеу кепілдіктері бойынша конституциялық өкілеттілігін қамтамасыз ететін дербес мемлекеттік орган. Оның қалыптасуы мен еліміздің құқықтық алаңында дамуы отандық сот жүйесінің қалыптасуымен тығыз байланысты. Аталмыш органның маңыздылығы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап белгілі болды. Еліміз егемендік алған соң 1995 жылы 30 тамызда Конституцияны қабылдағаннан кейін республиканың сот төрелігі органдарының тарихында сот билігінің тәуелсіздігі мен оны кадрлармен қамтамасыз етуді жетілдіру принципінің бетбұрыс кезеңі басталды. Сот жүйесінің және судьялардың мәртебесі жеке бөлімде конституциялық деңгейде анықталды.

(Соңы 4-бетте)

ОТАНДЫҚ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС ЖОҚ ПА?

Сәуле ҚАЗЫБАЕВА, Қазақ жеміс-көкөніс ғылыми-зерттеу институтының зертхана меңгерушісі:

– Оған әсер ететін бірнеше фактор бар. Біз тұтынушы ретінде өнімнің көбін шетелден аламыз. Өзіміздің өндірушілеріміз өте аз. Оны көбейту үшін үкімет тарапынан нақты көмек болу керек. Өндірушілер салық жағынан, құжат жағынан көп қиындық көреді. Сондықтан оған қызықпайды. Оларға қаржылық жағынан да көмек жасалу қажет. Мысалы, стартап ретінде.

Әрине қаржыны тегін беруі міндетті емес. Олар субсидия ретінде беріліп те жатыр ғой. Оның көбі дұрыс қолданылмайды. Бұл жағы мемлекет тарапынан қатаң қадағаланып отыру керек.

Қазақстанда соңғы ширек ғасырдың ішінде экспортқа бағытталған өндірісті дамыту үшін мемлекеттік деңгейдегі бағдарламалар аз қабылданған жоқ. Оған жыл сайын бюджеттен қомақты қаржы бөлінгенімен, әлі күнге дейін бірде-бір елде қазақстандық өнімдер сатылатын сауда желісі құрылмады. Керісінше өзге елдердің сауда желілерінің ішкі нарықтағы үлесі арта түсуде. Бұл туралы мамандар пікірі қандай?

Жигули ДАЙРАБАЕВ, Қазақстан фермерлер одағының төрағасы:

– Қазақстан өзге өндіріс саласын былай қойғанда ауыл шаруашылығының өзінде әлі күнге дейін жұмысты бір жүйеге түсіре алмай отыр. Мәселен, мен өз қызметіме байланысты фермерлерді көп аралаймын. Тек соңғы бір айдың ішінде ғана Қарағанды облысының Ақтоғай, Ұлытау, Жаңаарқа, Шет аудандарында және Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында болдым. Бәрінің өтініші біреу ғана. Өндірген өнімін өткізетін жер таппай отыр.

Шаруаға, фермерге жағдай жасалу керек, ол өндірген өнімін қайда өткізем деп бас қатырмауы тиіс дегенді 30 жылдан бері айтып келе жатырмыз. Ретке келтіре алмай жүрміз. Президент де айтып жатыр.

(Соңы 3-бетте)

КЕСЕЛДІҢ АЛДЫН АЛҒАН ТИІМДІ

Таяуда Алматы гуманитарлық-экономикалық уни-верситеті, Педагогика, бизнес және құқық институтының директоры Мүбәрак Ермағанбетовтің төрағалық етуімен және Әуезов ауданы әкімінің кеңесшісі, «Адалдық алаңы» жобасының жетекшісі Айдар Төлебековтің қатысуымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бойынша кеңес өтті.

Іс-шараның мақсаты – мемлекеттік органдар қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын ала анықтау және сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін факторларды жою.

Кеңесте сөз алған А.Төлебеков «Адалдық алаңы» жобасының басты міндеттерін айта келе, осы жоба аясында өткізілетін бірқатар іс-шаралардан хабардар етті. Сондай-ақ, бүгінгі таңда мемлекетіміздің сыбайлас жемқорлыққа қатысты жүргізіп отырған саясатының келешек ұрпаққа да берері мол екендігіне тоқталды.

Жиын барысында аға оқытушы А.Байжұманова «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекеттік саясаттың басым бағыты» тақырыбында баяндама жасап, бейнеролик көрсетілді. Институт директоры Мүбәрак Ермағанбетұлы қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу және болдырмау бойынша қажетті іс-шаралар тұрақты негізде жүргізіліп отыратынын атап өтті. Жиынды ұйымдастырушы әлеуметтік жұмыстар жөніндегі директор-



дың орынбасары Сағат Әлдекенов атқарылған шараларды қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін ортақ мақсатқа бірігудің маңызды екенін алға тартты.

Алматы гуманитарлық-экономикалық университетінің баспасөз қызметі

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ САЛАДАҒЫ ҚАЗАҚ-ТҮРІК ҚАТЫНАСТАРЫ

1991 жылы 16 желтоқсан күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Түркия Республикасы оны таныған тұңғыш ел болды. Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастар өзара достыққа, бауырластық пен сенімге негізделген. Қазақстанның Конституциялық Кеңесі мен Түркия Конституциялық Сотының арасында да тығыз ынтымақтастық орнаған.

Жақында Түркия Республикасы Конституциялық Сотының төрағасы Зухту Арслан бастаған делегация Қазақстанға ресми сапармен келді. Ол екі елдің конституциялық бақылау органдары арасындағы ынтымақтас-тық туралы меморандум аясында өтті. Конституциялық Кеңестің төрағасы Қ.Мәми жоғары мәртебелі қонақтармен кездесті.

Меймандар Қазақстанның консти-туциялық бақылау органының қыз-метімен танысты. Әріптестер қазіргі конституциялық-құқықтық дамудың өзекті мәселелері бойынша білім мен тәжірибе алмасты. Түрік конституци-оналистері Қазақстан халқын Тәуел-сіздіктің 30 жылдық мерейтойымен құттықтады. Кездесу қорытындысы бойынша Қайрат Мәми Зухту Арслан-

ға конституциялық құндылықтарды бекітуге қосқан қомақты үлесі үшін «Қазақстан Конституциясына 25 жыл» мерейтойлық медалін табыс етті.

Түркия делегациясы Алматы қала-сында Тәуелсіздіктің мерейлі жылына арналған «Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы – Нұрсұлтан Назарбаевтың құқықтық моделі саяси тұрақтылық пен экономикалық өркендеудің негізі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысты. Зухту Арслан мырза Түркия Қазақстанның егеменді-гін бірінші болып мойындағанын атап өтіп, осы тарихи оқиғамен құттықтады.

Бұдан кейін Зухту Арслан бастаған делегация түркі әлемінің бесігі, руха-ни және тарихи орталығы – Түркістан қаласына барды. Қонақтар Қожа Ах-мет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде болып, университеттің профессорлық-оқы-тушылар құрамымен және студент-терімен кездесу өткізді. Арслан мырза конституциялық-құқықтық дамудың өзекті мәселелері бойынша дәріс оқы-ды. Кездесу соңында мәртебелі қо-нақтар «Төрағалар аллеясына» ағаш отырғызды. Бұл кездесу екі елдің кон-ституциялық әділет органдары ара-

сындағы достық пен ынтымақтастық рухына негізделген тиімді өзара іс-қи-мылдың жарқын айғағы болып табы-лады.

Қазақстан Республикасының Кон-ституциялық Кеңесі мен Түркия Кон-ституциялық Соты Азиялық консти-туциялық соттар және эквиваленттік институттар қауымдастығының мүшесі болып табылады. Жыл сайын Кон-ституциялық Кеңес қызметкерлері қа-уымдастық жанынан құрылған және қауымдастық мүшелері аппараттары-ның қызметкерлеріне арналған түрік тарапы өткізетін Жазғы мектеп бағдар-ламасына қатысып, конституциялық заңдылықты қамтамасыз ету саласында тәжірибе алмасып, институттар ара-сында тығыз байланыс орнату және ын-тымақтастықтың келешегін талқылау мақсатында дәріс алады. Болашақта да Қазақстан – Түркия елдері арасындағы конституциялық-құқықтық саладағы ынтымақтастығымыз одан әрі дами беретініне сенімдіміз.

Марал СҮЛЕЙМЕНОВА,
Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесі
аппаратының бас консультанты

ҚҰҚЫҚ

ОДАҚ – ҚАЗЫЛАР ТІРЕГІ

Биыл республикалық Судьялар одағы қоғамдық бірлестігінің құрылғанына 25 жыл толып отыр. Қазақстандық судьялардың тірегіне айналған бұл бірлестіктің ширек ғасыр ішінде атқарған іс-шаралары толағай.

Одақ ең алдымен әрбір төрт жыл сайын өтетін судьялар съезінің ұйымдас-тырушысы, ұйытқысы. Осы уақытқа дейін республика қазыларының басын біріктірген сегіз маңызды жиын тарихқа таңбаланды. Бұл басқосуларға Мемлекет басшысының тұрақты қатысуы, сот жұмысына баға бере отырып, алдағы күнге міндеттер мен тапсырмалар жүктеуі – съездің маңызын ғана емес, мәнін де арт-тыра түсті. Әрбір съезд – сот құрылымындағы қордаланған мәселелерді талқыға салудың, түйткілді бірігіп шешудің алаңы іспеттес. «Келісіп пішкен тон келте болмайтынын» съездер тәжірибесінен анық бағамдауға болады.

Бүгінге дейін ұйымдастырылған сегіз съездің де сот саласын жаңғыртудағы орны бөлек. Себебі, бұл басқосуларға баратын делегаттар да лайықты іріктеліп, съездің биік мінберінен айтылатын сөз де салмақты, бүкіл құрылымға ортақ мәселені өзек етуі тиіс. Міне осындай терең сүзгіден өткендіктен съезд судьялар асыға күтетін, үлкен үмітпен тосатын маңызды басқосуға айналды. Съездерде сот құрылысы мен сот өндірісін оңтайландыру, заңнамалық базаны жетілдіру, құқық қолданудың бірізді тәжірибесіне қол жеткізу, судьяларды іріктеу және судья-лардың мәртебесін бекіту, олардың кәсіби біліктілігін арттыру, мінез-құлқының моральды-этикалық нормаларын қарастыру секілді өзекті мәселелер көтерілді.

Судьялар одағының қызметі көпқырлы. Бірлестіктің тағы бір қызметі судья-лардың біліктілігін шыңдауға, аға буын мен жас буын арасындағы байланысты жалғауға бағытталған. Соған сәйкес одақтың әр облыстағы филиалдары жаңа заңдарды түсіндіру, құқықтық кейбір салалар бойынша ортақ тәжірибе қалыптас-тыру, ардагер судьялардың үлгі-өнегесін жастарға таныстыру мақсатында түрлі форматтағы шараларға бастамашы болуда. Сонымен бірге, одақ судьялардың еңбегінің еленіп, қызметіне қарай марапатталуына да үнемі қолдау көрсетеді.

Судьялық шеберлік жылдар бойғы тынымсыз жұмыс пен ізденістің нәтиже-сінде қалыптасатыны белгілі. Одақтың бастамасымен жарық көріп келе жатқан «Заңгер» журналы дәл осы функцияның өз деңгейінде орындалуына септігін тигізіп келеді. Ай сайын жарық көретін бұл журнал қазылардың төл басылымы. Мұнда сот саласындағы жетістіктер мен кемшіліктер теңдей көрсетіліп, арда-гер-судьялар мен қызметтегі судьялардың өз тәжірибесімен бөлісіп, әріптестеріне жол сілтеуіне мүмкіндік берілген. «Заңгер» журналы да аз уақыттың ішінде сот саласының айнасына айналып үлгерді.

Судьялар одағы судьялар мен сот мамандарының біліктілік, интеллектуалдық, спорттық қабілет-қарымын шыңдап, зейінін ашуға, өнерін дамытуға да атсалы-сып келеді. Осы бағытта ұйымдастырылған жарыс, сайыстар республика судьяла-рының бірлігін арттырып, ынтымағын нығайтады. Мұндай шаралар судьялардың «Сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға ретінде көрінуіне көмегін тигізеді.

Судьялар одағының аймақтық филиалдарының ұйытқы болуымен жүзеге асы-рылған жұмыстардың да қарасы қалын. Соның ішінде одақ филиалдары балалар үйіне тұрақты қолдау көрсетіп, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балала-рын мектепке дайындау акциясына тұрақты қатысып келеді. Жетім балалардың өмірден өз орнын табуына көмектесу, оқуға түсуіне, баспаналы болуына қол ұшын созу да бір жолға түскен. Осыдан көріп тұрғанымыздай, Судьялар одағы қазылардың ынтымақ-бірлігін арттырған бірегей бірлестік. Биыл 25 жылдық мерейтойын атап өткелі отырған бірлестік алдағы уақытта да ел мүддесіне, сот саласын жетілдіру жұмысына белсене қатысады деп сенеміз.

Д.ХАМИЕВ,
Ақтөбе қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

НӘТИЖЕ СҰРАНЫСҚА САЙ



Тәуелсіздік жылдарында сот жүйесінде көптеген реформалар жасалды, заңдар қабылданды. Нәтижесінде елімізде халықаралық стандарттарға негізделген, уақыт сұранысына сай сот жүйесі қалыптасты. Дегенмен, мұнымен тоқталып қалмай алдағы уақытта да заман сұранысына сай бейімделіп, заңдар қабылдау саланың басты ұстанымы болып отыр.

Мәселен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сот жүйесін реформалау-ға қатысты «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйе-сі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы ҚР конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Аталмыш заңның негізгі мақсаты – судьялардың жауапкершілігі мен тәуелсіздігін арттыру, сондай-ақ сот жүйесін қаржыландырудың жаңа моделін белгілеу болмақ. Демек алдағы уақытта саладағы өзгерістер, заман ағымына сай жанажылдықтар жалғасын таба бермек.

Ал еліміз егемендікке қол жеткізгелі бері судьялардың 8 съезі өтті. Онда са-ланың артық-кем тұстары таразыланып, көтерілген мәселелер біртіндеп жүзеге асып жатыр. Сот төрелігін тәуелсіз де бейтарап және әділетті жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік т.б. заңдар жаңарып, тергеу судьясының өкілеттіктері кеңейтілді. Жоғарғы Сот жанында Сот төрелігі академиясы мен Халықаралық кеңес құрылды. Жаңа технологияларды қолданудың көмегімен сот қызметі ашық, жедел, қолжетімді бола түсті. Республи-ка соттарының сот мәжілісі залдары түгелдей дыбыс және бейне жазба құрылғы-ларымен жабдықталып, сот отырыстары 100 пайыз таспалануда. Жаңа технология азаматтардың сотқа келуін міндеттемей, арыз-шағымын «Сот кабинеті» арқылы үйінен, кеңсесінен шықпай-ақ жолдауына жол ашты. Мұның артықшылығын былтыр пандемия кезінде айқын сезіне түстік.

Бір сөзбен айтқанда сот жүйесін реформалау процесі бір орында тұрған жоқ. Оған деген озық жанажыл көзқарастар судьялардың тәуелсіздігін одан әрі нығайтуды қамтамасыз етуі, сот төрелігін жүзеге асыруға жаңа кәсіби кадрларды тартуды ынталандыруы, сот процесінің ынғайлылығы мен тиімділігін арттыруы тиіс. Демек, сот жүйесі уақыт пен заман сұранысына сай дамып жатыр деп айта аламыз.

Қайрат САРСЕКЕЕВ,
Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТҰТЫНУШЫДАН ӨНДІРУШІГЕ АЙНАЛАТЫН КҮН ҚАШАН?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Дегенмен, оның өзі терең өңделген, қосымша құн салығы өте жоғары деңгейдегі емес, өңдеудің тек 1-2 сатысынан өткен өнімдер ғана екенін көп жағдайда ескере бермейді.

«Барға қанағат қылайық» деген олардың тәубешілдігін сол себепті біреу түсінсе, біреу түсінбейді. Өйткені, өзге елдердің ұсынып отырған импорттық қызметі мен тауарларының жыл өткен сайын түрленіп, мазмұн пен пішін жағынан толығып жатқанын ескерсек жаһандық ықпалдастық дәуіріндегі бәсекелестікте біздің жағдайымыз ат мінген мен арбаға отырған адамның жүрісіне көбірек ұқсайды.

БҰҰ тарапынан «Тұрақты даму үшін шығармашылық экономиканың халықаралық жылы» деп жариялаған 2021 жылы бізде бұл бағытта айта қаларлық бірде-бір шараның жүзеге аспағанын ескерсек, алдағы жылдан да үміт аз боп тұр. Мәселен ТМД мен Еуразиялық экономикалық одақтағы серіктестеріміздің бірі саналатын Беларусь елінің ресми дистрибьютері Belostan компаниясының Қазақстандағы «№1 Белорус тауарлары» сауда желісіндегі дүкендерінің өзі жүзден асып жығылады. Ал онда Минск, Витебск, Гродно Брест, Гомельск және Могилев-

ский облыстарында өндірілген ет, шұжық, сүт, кондитер және теңіз өнімдерінің өзі 2500 аталымнан асады. Егер бұған ауылшаруашылық техникалары, жиһаз, жеңіл өнеркәсіп бұйымдарын сататын сауда орындарын қосатын болсаңыз Қазақстан нарығындағы Беларусь елінің үлесі соңғы 10 жылдықта айтарлықтай өскенін аңғару қиын емес. Қазақстанда Беларусь капиталы бар 366 компания жұмыс істейді. Оның 140-ы дилерлік желілер, жетеуі ауыл шаруашылығы техникалары мен жүк көліктерін құрастырушылар. Ал Беларусь еліндегі Қазақстан капиталы бар компаниялар саны – 54. Осының өзі өзара сауданың деңгейін көрсете алады.

Тарихқа көз жүгіртсек Қазақстан-Беларусь арасында 1996 жылдан бері сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелері бойынша үкіметаралық комиссия жұмыс жасайды. Онда 70-ке жуық мемлекетаралық, үкіметаралық және мекемеаралық келісім жасалған. Оның ең негізгісі 2026 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық ынтымақтастық туралы, 2011 жылғы Еркін экономикалық аймақ туралы және 2014 жылғы Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы келісімдер деуге болады. Беларусь экспортында Қазақстан ТМД елдері ішінде үшінші, ал әлем бойынша алғашқы ондықтың қатарында тұр.

Мәселен, коронавирус пандемиясы басталғанға дейін екі елдің өзара саудасы 419-дан 896 млн долларға дейін өскен еді. 2018 жылы Беларусь елінің экспорты 783,7 млн доллар, ал импорты 112,3 млн доллар көлемінде болды. Осы арада Қазақстандағы импорттық сары майдың 20 пайызы, сүт өнімдерінің 30 пайызы, құрғақ және қоюландырылған сүттің 70 пайызы Беларусь елінің үлесінде екенін де айта кеткен жөн шығар.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне қарағанда, биыл қаңтар-қыркүйектегі сыртқы тауар айналымында экспорт 43 299,4 млн долларды, импорт 29 468,1 млн долларды құрады. Оның ішінде Беларусь елінің экспорты 72,7 млн доллар, импорты 562,8 млн доллар көлемінде. Жалпы, Қазақтан экспортында алдыңғы бестікке Қытай, Италия, Ресей, Нидерланд, Түркия, импортында Ресей, Қытай, Германия, АҚШ, Өзбекстан елінің үлесі өзгелерден жоғары боп тұр. Сол себепті озық технология мен инновация жарысында 2030 жылға дейін өз бет-бейнемізді анықтап алмасақ, 2050 жылы да шикізаттық бағыттан арылмай, өндіруші емес тұтынушы ел деңгейінде қалып қоюымыз әбден мүмкін.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ІЗГІЛІК

РАҚЫМШЫЛЫҚ – ГУМАНИЗМ ҚАҒИДАТЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Түрмесіз тірлік кешкен, қапасқа қамамай-ақ тентекті қатарға қосқан елміз дегенді жиі айтамыз. Билердің бір ауыз сөзі заңмен теңескен ол заманда қазақ үлкеннің айтқанынан аспайтын еді. Бүгінде ақсақалдың қабағына қарап отырған жан аз. Қоғам болған соң түрлі заңбұзушылықтардың ғана емес, қылмыстың да орын алуы қалыпты жағдайға айналған. Құқықтық мемлекетте азаматтардың құқығы тең. Біреудің мүддесін екінші адамның таптауына жол берілмейді. Ал әр қылмыстық әрекеттің заңды жазасын белгілеу тек соттың құзырында.

Соңғы жылдары түрме реформасына өзгерістер енгізіліп, заңдарды ізгілендіру бойынша көптеген шаралар қолға алынды. Осы атқарылған жұмыстардың нәтижесі де жаман емес. Түрме тұрғындары бойынша алдыңғы орындарда болып келген Қазақстанда қазір темір тордағы адам саны айтарлықтай азайған. Бұған қоса, Президенттің айтулы мерейтойлар кезінде жасаған рақымшылығы абайсызда қылмыс жасап, ақылсыз әрекеті үшін бармағын тістеп жүрген жандардың үмітін оятатын, қоғамға қайта оралуына тікелей ықпал ететін бастама. Бүгінгі күнге дейін бірнеше мәрте рақымшылық



жасалды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында «Рақымшылық туралы» заңға қол қойып, сотталушылар мен олардың туыстарына дем берген болатын.

Рақымшылыққа кез келген сотталушы ілінбейді. Биыл түрмеге қамалған 2 мың 236 адамның ғана рақымшылыққа ілінуден үміті бар. Сондай-ақ, пробациялық бақылауда тұрған 11 310 адамға рақымшылық жасалады. Нәтижесінде 1 мың адам қамаудан бостандыққа шықса, 3818 адам пробациялық бақылаудан босатылады. 1294 сотталушы мен пробацияда тұрған 7492 адамның жаза мерзімі қысқартылады.

Рақымшылыққа ең әуелі ардагерлер, көмелетке толмағандар, жасы үлкендер, I және II топтағы мүгедектер, қоғамға қауіп төндірмейтін адамдар ілінеді. Еліміздегі

64 түрме мен 16 тергеу изоляторында отырған 34 мың сотталушының 93% ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған. Арасында қайталап қылмыс жасағандар да аз емес. Ал рақымшылық заңы бойынша бостандыққа тек ауырлығы орташа заңбұзушылық жасағандар шығады.

Рақымшылық – гуманизм қағидатының бір көрінісі. Қазақстанның Ата Заңында елдің басты байлығы – адам және оның құқығы мен бостандығы деп көрсетілген. Ендеше, «Рақымшылық туралы заң» елдегі азаматтар өмірін бағалаудың, қателесіп қылмысқа барған азаматтарды түзеудің бір мүмкіндігі десек қателеспейміз.

Нүргүл БАТЫРХАН,
Жетісу аудандық
№2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАТЫРЛАРЫ



МҰЗДА ЖАНҒАН АЛАУ



Желтоқсан оқиғасы, жастардың алаңға шығуы тәуелсіздікті жақындатқан тарихи оқиға болды. Осы бір сындарлы сәтте алаңға жиналып, өз ойларын ашық айтқан желтоқсаншы жастардың қандай қиындық көріп, қасірет шеккенін бүгінгі жас ұрпақ білуі тиіс. Соған орай жыл сайын желтоқсаншыларды білім ордасына шақырып, студенттермен жүздестіру әдемі дәстүрге айналды. Биыл да сол үрдістен танбай Әуезов аудандық әкімдігі, Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті, Педагогика, бизнес және құқық институтының мұрындық болуымен «Мұзда жанған алау» атты әдеби-поэзиялық кеш ұйымдастырылды. Тарихи-танымдық шараның негізгі мақсаты – желтоқсан құрбандарының ерлігін, жалынды жырларын студенттер көңіліне ұялату, патриоттық тәрбие беру, тәуелсіздікті құрмет тұту болып табылады.

Осыдан 35 жыл бұрын қазақ халқының қабырғасын қайыстырып, дүниені дүр сілкіндірген желтоқсан оқиғасының куәгерлері арамызда жүр. Әдемі кешке бүгінгінің батырына айналған аяулы жандар арнайы шақырылды. Соның ішінде Алматы қаласы, Әуезов ауданы «Желтоқсан ақикаты» ұйымының мүшелері Жанат Ақылбаев, Аманғазы Кәріпжан, Сәкен Кереев, Басбатыр Әміржанов, Гүлназ Ашинова және Әуезов ауданы әкімінің орынбасары Дастан Қайратұлы, Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Камшат Тұрдыбаева кешіміздің қадірлі қонағы болды. Сонымен қатар, профессорлық-оқытушылар қауымы мен студент жастар кешке үлкен қызығушылықпен қатысты.

Алғашқы сөзді алған институт директоры, профессор Мүбәрак Ермағанбетұлы желтоқсан оқиғасының мән-маңызына қысқаша тоқталып, «Біздің халқымыз бостандыққа жету үшін қаншама қиындықтарға тап болды, ата-бабаларымыз армандаған бостандық үшін жанқиярлықпен күресті. Осыған байланысты, ұлт санасын дүр сілкіндірген және қоғамды алға жетелеген желтоқсан оқиғасының ерекше маңызы бар», – деп атап өтті.

Желтоқсан оқиғасы – қазақ жастарының тәуелсіздікке ұмтылған күресі. Желтоқсан оқиғасы – тәуелсіздік таңын жақындатқан қозғалыс. Осы оқиға барысында университетіміздің студент жастары «Ерте үзілген

шоқ гүлдер» тақырыбында театрландырылған қойылым көрсетті. Студенттердің бірі желтоқсан оқиғасының қаһарманы Қ.Рысқұлбековті сомдаса, бірі Сабира Мұхаметжанованы енді бірі Ләззат Асанованың ролін асқан шеберлікпен орындап берді.

Қақаған аязда митингке шыққан ауыр күндерін еске алған, тарихи және тәрбиелік маңызы зор шарадан кешке қатысушылар үлкен әсер алды. Кеш соңында Дастан Қайратұлы жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар, тарихымызда ерекше орны бар, халқымыздың қасіреті мен ар-намысына, мақтанышына айналған оқиғаның куәгерлері – желтоқсаншы аға-әпкелерге алғысын білдірді.

Кеш барысында Басбатыр Әміржанов, ақын Аманғазы Кәріпжанжүрекжарды өлеңдерін оқып, «Біз жыл сайын осы желтоқсан оқиғасын еске аламыз, сол арқылы жастар ерлігін халық жадында сақтағымыз келеді. 35 жыл ішінде көп нәрсе жасалды. Тәуелсіздікті ұлықтау үшін жас ұрпақтың санасында олардың аға-апалары, ата-әжелері әділетсіздікке қарсы шықты деген ойды нығайту өте маңызды. Олар желтоқсан оқиғасы тәуелсіздікке бастау болғанын білулері керек», – деді.

Кеш қонақтарының айтқан естеліктері жас буынға ерекше әсер қалдырды. Әрине, етігімен су кешкен сол бір ауыр күндерді еске алу оңай болған жоқ. Дегенмен, қонақтардың тәуелсіздік, желтоқсан, ел, жер, ұлт туралы толғана айтқан лебіздері, тәрбиелік мәні зор әңгімелері жас буынның есінде ұзақ сақталары күмәнсіз.

Студент жастардың шығармашылығына қолдау көрсету мақсатында «Алматы» телеарнасы келіп, университет басшысы Мүбәрак Ермағанбетұлынан, Желтоқсан куәгері Аманғазы Әлімғазыұлынан сұхбат алып, іс-шарадағы тағылымы мол мәліметтерді телеарнада көрсетті.

Ел басына күн туған қиын-қыстау күндерде халқына сүйеу, жұртына қамқор болған аға-апаларымызға кездесу соңында университет тарапынан сыйлықтар табысталды.

Сағат ӘДДЕКЕНОВ,
«Алматы университетінің» тәрбие ісі
жөніндегі проректоры
заң ғылымдарының PhD докторы

ОТАНДЫҚ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС ЖОҚ ПА?



(Соңы. Басы 1-бетте)

Сәуле ҚАЗЫБАЕВА, Қазақ жеміс-көкөніс ғылыми-зерттеу институтының зертхана меңгерушісі:

– Егер біреу алма бағын егіп, мұнша уақыттан кейін өнімін сатам деп төмен пайызбен жеңілдетілген несие алса өз міндетін орындауы қажет. Оның жұмысы комиссия арқылы тексеріліп отырса ғана өндіруші өз міндетін орындайды. Егер қандай да бір қиындықтар туындаса арнайы құрылған салалық қауымдастықтардан көмек болу керек. Өндірушілер, салалық қауымдастықтар мен үкімет органдары бір-бірімен тығыз жұмыс жасайтын болса, әрине, өндірушілердің саны артады. Өнімнің көлемі өссе сапасы да өседі. Мәселен, қазір біз жазғы-күзгі маусымда алма, жүзіммен өзімізді 40 пайыз ғана қамтамасыз ете аламыз. Ал қыс уақытында бұдан да төмен. Оған балғын жеміс-жидекті сақтайтын арнайы қоймалар мен тоңазытқыштардың тапшылығы түрткі болып отыр. Жақында көршілес Өзбекстанда болдым. Онда бұл мәселе жақсы жолға қойылған. Біздің өндірушілер дайын өнімнің өзін сатуда көп қиындыққа кезігіп жатыр. Өйткені, делдалдар олардан арзанға алып тұтынушыға 10 есе қымбатқа сатады. Дүкен желілері мен олардың арасында тікелей байланыс болу керек.

Жиғули ДАЙРАБАЕВ, Қазақстан фермерлер одағының төрағасы:

– Егіс алқабынан өнім еш кедергісіз сауда сөресіне шықсын деп. Ал оны ұйымдастыратын – Индустрия және сауда министрі. Ол қазір көтерме сауда орындарын саламыз деп жүр. Оған 270 млрдтай қаржы қарастырылып жатыр. Жарайды, көтерме сауда орталықтары салынар, алайда ол қалай жұмыс істейді? Фермермен байланысы жоқ. Қазір жұрттың бәрі бағаны фермерлер көтеріп жіберді дейді. Шындығында бағаны қымбаттатқан фермер емес, ортадағы делдалдар ғой. Мысалы, ет комбинаты етті 1750 теңгеден сатып алады. Оның өзі барлық жерден бірдей табыла бермейді. Жаңа мен атап өткен аудандардың ешқайсысында ет комбинаты жоқ. Атбасардағы МАбаев деген фермер Нұр-Сұлтаннан келетін алыпсатарларға етті 1800 теңгеден сатам дейді. Олар осы етті 3 мың теңгеден сатып жатыр. Оны болдырмау үшін атқарушы билік тиянақты жұмыс істеу керек қой. Ондағы ауылшаруашылық басқармалары, ауыл, аудан әкімдері қанша өнім өндірілді, оны қайда өткізуге болады дегенді ұйымдастыруы қажет. Мәселен, Қарағанды облысының 1,3 млн тұрғыны жылына 70 келіден тұтынған күннің өзінде 91 мың тонна картоп керек. Ал ондағы «Шанс» деген шаруа қожалығының бір өзі биыл 85 мың тонна картоп жинады. Жергілікті атқарушы билік оның өндірген өнімін тұрақтандыру қорына алып, ақылмен іс жасауына болады ғой. Алайда оны көре алмай отырмыз. Бұдан кейін қалай тірлік оңсын.

Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»



Соттардың тұрақтылығы мен жергілікті сот судьяларын тағайындауды Президент, ал Жоғарғы Соттың судьяларын сайлауды Парламент Сенаты жүзеге асыратыны ел Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілді. Сонымен қатар, Жоғары Сот Кеңесі мен Әділет біліктілік алқасы құрылды. Жоғары Сот Кеңесіне ел Президенті жанындағы консультативтік-кеңестік орган ретінде судья лауазымына үміткерлерге кепілдеме беру міндеті жүктелді. Егеменді мемлекеттің тарихында тұңғыш рет судьялар тұрақты мерзімге тағайындала бастады. Кеңеске 1998 жылға дейін Мемлекет басшысы, ал 1998 жылдан бастап Кеңес төрағасы басшылық етуде. Әрі қарай Кеңес өз алдына дербес орган болды.

Сот жүйесін атқарушы органдардан бөлу мақсатында Әділет біліктілік алқасы жойылып, оның өкілеттілігі Жоғары Сот Кеңесіне берілді. 2005 жылы өткен судьялардың кезекті съезінің қорытындысы бойынша, заңнамаға үміткерлерді қатаң конкурстық негізде іріктеу тәртібін бекітетін нормалар енгізілді. Осылайша, Жоғары Сот Кеңесінің және жалпы сот жүйесінің кадрлық әлеуетінің мәртебесін бекітудің құқықтық негізі жасалды.

2007 жылдан бастап Жоғары Сот Кеңесі заңды тұлға құрмайтын мемлекеттік мекеме болды. 2008 жылы қарашада «Жоғары Сот Кеңесі туралы» заңның қабылдануы судьялардың тәуелсіздігі мен судьяларды сапалы іріктеу жөніндегі өкілеттілігінің аясын кеңейте түсті. Ал 2016 жылы жаңа «Жоғары Сот Кеңесі туралы» заң қабылданғаннан кейін кеңес айтарлықтай өзгерді. Кеңеске судья лауазымына кәсіби емтиханды қабылдау, бос лауазымдық орындарға судьяларды конкурстық



Лаура ҚҰРМАНТАЕВА,
Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесі
аппараты басшысының
орынбасары

жолмен іріктеу және Сот жюриінің шешімі бойынша арыз-шағымдарды қарау міндеттері жүктелді.

Сол себепті, Жоғары Сот Кеңесі Жоғарғы Сотпен бірлесе отырып, судьялардың тәуелсіздігін күшейту және кадрларды іріктеу процесін жетілдіру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізді. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, кеңес құрамының жартысы судьялардан құралды. Кеңес аппараты құрылды. Сол кезеңнен бастап Жоғары Сот Кеңесінің дамуы мен судьяларды іріктеу және тағайындау жұмыстары

халықаралық стандарттар зерттеле отырып жүргізіле бастады. Атап айтқанда, БҰҰ Сот органдары тәуелсіздігінің негізгі қағидаттарында «Судья лауазымдарына іріктелген адамдар жоғары моральдық қасиеттер мен қабілеттерге, сондай-ақ құқық саласындағы тиісті дайындық пен біліктілікке ие болуы тиіс» деп көрсетілген. Аталған маңызды мән-жайларды ескере отыра, сот жүйесінің мәселелеріне, оның ішінде судьяларды іріктеуге мемлекеттің бірқатар бағдарламалық және стратегиялық құжаттары арналған.

на іріктеуде жүйелі шаралар қабылдау тапсырмасы берілген болатын. Елбасы бастамасын жалғаған Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев «Сот – заң үстемдігінің кепілі. Сондықтан судьялар жоғары кәсіби талаптарына сай болуы – бұл үлкен міндет» деп атап өтті. Яғни, бұл мәселе еліміздің үнемі басты назарында.

Осы орайда, «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» заңда алғаш рет кеңесте түрлі санаттағы сот лауазымына кандидаттарды іріктеуді жүргізу кезінде ескеретін жекелеген критерийлер бекітілді. Заң қабылданғаннан бері кеңес өз жұмысын жандандыра түсті. Бүгінде судья

Бүгінде судья болу үшін конкурста судьяның бір бос орынға 7 үміткерден 100-ге дейін үміткер қатысып, бақ сынауы бәсекелестіктің артқанын білдіреді.

2019 жылдан бастап судьялық, басшылық, лауазымдардың кадр резерві, судьяларға қатысты тәртіптік өндіріс институты Кеңестің құзырына берілді, конкурстық жолмен іріктеу аясы кеңейтілді, салада заманауи ақпараттық технологиялар қолданылуда.

Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша «Бес институционалды реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында да судьялардың біліктілік талаптарына қатаңдату және судья лауазымы-

болу үшін конкурста судьяның бір бос орынға 7 үміткерден 100-ге дейін үміткер қатысып, бақ сынауы бәсекелестіктің артқанын білдіреді.

2019 жылдан бастап судьялық лауазымдардың кадр резерві, судьяларға

БЕЛЕС

ҚОҒАМҒА БЕТБҰРЫС ЖАСАҒАН КОДЕКС

Егемендік алып, еңсемізді тіктегелі бері еліміздің сот, құқықтық саласында үлкен бетбұрыстар жасалды. Жаңа реформалар қолға алынды, соны бастамалар жүзеге асырылды. Әкімшілік әділет институты енгізіліп, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қабылдануы сондай айтулы қадамның бірі саналады.



Сәуле ТАНИМОВА,
Ойыл аудандық сотының
төрағасы

Жаңа заңнаманы тірек еткен жаңа әкімшілік соттардың қызметіне кіріскеніне де міне бес айдан аса уақыт өтті. Осы аралықта Әкімшілік процестік-рәсімдік кодексін қолдану қоғамға не берді? Кодекстің артықшылығы мен ізгілігі неде?

Бұл кодекстің түпкі мақсаты – азаматтар құқығын қорғаудың тиімді механизмін жасау арқылы халықтың сотқа, мемлекеттік билікке деген сенімін нығайтумен өзектес. Құжат қабылданғанға дейін жария-құқықтық даулар азаматтық заңнама шеңберінде шешімін тауып келді. Азаматтық кодекс тараптардың теңдігі қағидаты бойынша жұмыс істейтіні белгілі. Ал Мемлекет басшысы өз жолдауында атап өткендей жария-құқықтық дауларда жеке және заңды тұлғалар көбінесе теңсіздік жағдайында қалады. Осы мәселеге ерекше назар аударған Президентіміз: «Олардың мүмкіндіктерін

мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейді. Сондықтан осындай теңсіздіктерді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажет», – деп жаңа институттың жұмыс істеуіне тікелей қызығушылық танытып, құзырлы орындарға тапсырма жүктеді. Жаңа кодекстің қолданысқа енгізіліп, республикамызда әкімшілік алқа мен 21 әкімшілік соттың құрылуы Президент жолдауындағы тапсырманың нақты нәтижесі.

ӘРПК тәжірибеге енгізілгенге дейін біздің елімізде мемлекеттік органдардың әрекетіне немесе әрекетсіздігіне қатысты шағымдар көп бола қойған жоқ. Дамыған елдерде 1000 азаматқа орта есеппен 2-ден 5-ке дейін жария-құқықтық дау тіркелетін болса, Қазақстанда орта есеппен алғанда 1000 адамға бар болғаны 1,4 жария-құқықтық даудан келеді. Бұл дауларды қараудың нәтижесі де көңіл көншітпейді. Өйткені, біздің елімізде биылға дейін сот таразысына салынған жария-құқықтық даулардың 85 пайызында жағдайында мемлекеттік органдарға басымдық берілген. Мұндай статистика жария-құқықтық дауларды реттеудің ескі моделінің тиімсіздігін көрсетіп, азаматтардың билікке, сотқа деген сенімін төмендетті. Ал Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қолданысқа енуі осы статистиканың түбегейлі өзгеруіне ықпалын тигізді. Мәселен, жаңа соттарға бес ай ішінде 9 мыңнан астам іс түскен. Оның ішінде, орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар бұл істердің 49 пайызы бойынша жеңіліске ұшыраған. Біз бұл статистикадан сотқа жүгінгендердің өз талаптарының дұрыстығы мен мемлекеттік органдар актілерінің заңсыз шығарылғанын сотта жан-жақты дәлелдеп шыққанын көреміз. Бұл сонымен бірге әкімшілік әділет институтының қоғамға үлкен бетбұрыс жасағанының нақты дәлелі болса керек.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БЕЗБЕН



ТАЛАП ҚОЮДЫҢ ТӘРТІБІ

Мемлекетімізде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті қабылдау туралы алғашқы қадам 2010–2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында көрініс тапты.

Аталған кодекстің 24-тарауымен сот шешімін қабылдаудың тәртібі айқындалған. Мысалы, 151-бап талабына сай, сот шешімі әкімшілік іс талқыланып біткен соң шығарылады. Сондай-ақ, сот шешімі ауызша талқылау аяқталғаннан кейін он жұмыс күнінен, ал айрықша жағдайда, яғни істің күрделілігіне қарай, бір айдан кешіктірілмей дайындалады.

Әкімшілік істе бірнеше талап қойылуы мүмкін, ондай жағдайда барлық талап бойынша шешім шығарылады. Сот шешімдері қойылған талаптарға сай, яғни дау айту, мәжбүрлеу, әрекет жасау, тану, залалдарды өтеу туралы талапты шешу бойынша шығарылады. Егер талап қоюшының құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қозғайтын, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіге дау айту туралы талап қою негізді болып, сот оның заңсыздығын таныса, онда толық немесе қандай да бір бөлігінде күші жойылады. Орын-

далып қойған немесе орындалып жатқан, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актінің заңсыздығы танылса, сотпен жауапкерден орындаудың күшін жою және шешімде белгіленген мерзімде бастапқы жағдайына қайтару талап етіледі.

Мәжбүрлеу туралы талап қоюға орай шығарылған шешімде әкімшілік актіні шығарудан бас тартылса немесе актіні қабылдамау заңға қайшы келсе, сондай-ақ, талап қоюшы құқығы мен бостандығының, заңды мүддесінің бұзылуына себеп болса, әкімшілік органға әкімшілік актіні қабылдау міндеттеледі. Бұған қоса сот жауапкерге ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіні қабылдамау міндетін жүктеуге құқылы. Әрі сот әкімшілік қалау болған кезде талаптарды қанағаттандыру туралы нақты шешім шығару мүмкін болмаса, жауапкерге құқықтық ұстанымды ескере отырып, тиісті әкімшілік актіні талап қоюшының пайда-

қатысты тәртіптік өндіріс институты кеңестің құзырына берілді, конкурстық жолмен іріктеу аясы кеңейтілді, салада заманауи ақпараттық технологиялар қолданылуда. Қазіргі таңда Жоғары Сот Кеңесінің құрамы құқықтық қоғамдастық өкілдерінің есебінен толықтырылды. Кеңестің тұрақты мүшелерін тағайындаудың ротациялық принципі бекітілді, судьяларды іріктеудің принциптік жаңа тетіктері енгізілді. Кеңестің алдына қойылған міндеттерді орындау жолында тиімді жұмыс атқаратын арнайы комиссиялар құрылды.

Кеңестің әрі қарай дамуындағы жаңа белестері қазіргі таңда республика Парламентінде талқылаудан өткен заң жобасында қарастырылған. Бұл облыстық соттың судьялары лауазымына үміткер арнайы мамандарға арналған кәсіби біліктілік емтихандарының кезеңдерін онтайландыруға, кәсіби біліктілік емтихандарын қайта тапсырудың мерзімін қысқартуға, конкурсқа қатысу кезінде алыс соттардың судьяларына басымдық беруге қатысты.

Жоғары Сот Кеңесінің басты мақсаты – тәуелсіздік құндылықтарын қорғайтын қуатты, адамгершілік келбеті айқын, адал, турашылдықтан таймайтын, халыққа тәуелсіз елдің сотын көрсететін әділ судьяларды қалыптастыру болып отыр.

Жоғары Сот Кеңесі өзінің аппаратымен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің соттарды қалыптастыру жөніндегі конституциялық өкілеттіліктерін, судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеу кепілдіктерін қамтамасыз ету жұмыстарын сапалы түрде одан әрі жалғастыра бермек.

сына қабылдауды жүктейді.

Әрекет жасау туралы талап қою негізді және заңды деп танылса, сот жауапкерді нақты әрекеттер жасауға міндеттеп, орындау мерзімін белгілейді. Егер талап қоюшы бір мезгілде жауапкердің нақты жасаған әрекетінің құқыққа қайшылығын тануды

талап етсе, сот шешімде әкімшілік органның іс жүзіндегі әрекеті құқыққа қайшы болғанын таниды. Әрекетке тыйым салу туралы талап қою негізді және заңды деп танылған кезде сот жауапкерге нақты әрекеттер жасауға тыйым салады.

Тану туралы талап қою қанағаттандырылып, талаптар дербес талаптар ретінде мәлімделген болса, сот қандай да бір құқықтық қатынастың болу-болмауын немесе оның мазмұнын таниды. Тану туралы талап қою негізді және заңды, сондай-ақ, ол талап қоюшының бұзылған құқықтарын қалпына келтіру үшін қажет болса, ауыртпалық түсіретін әкімшілік акті сотпен заңсыз деп танылады. Залалды өтеу туралы талапты шешуде тиісті талаптар қанағаттандырылса, сот шешімде келтірілген залалдың мөлшерін айқындайды.

Бірінші сатыдағы соттың шешімі, орындалуға жіберілмесе, сондай-ақ, оған апелляциялық шағым, өтінішхат берілмесе, шағым жасауға арналған мерзім өткен соң заңды күшіне енеді. Заңмен белгіленген мерзімдер өтіп кеткен, сот мерзімді қалпына келтіруден бас тартқан жағдайда шешім бас тарту туралы ұйғарымға шағым жасау мерзімі өткен соң заңды күшіне енеді.

Ж.СҰЛТАНОВА,
Ақтөбе облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

ПАЙЫМ

РУХ пен АРМАН АСТАСҚАНДА

Тәуелсіздік – бізге бостандық, азаттық, бейбітшілік, бақыт сыйлады. Алай-да оған жету оңай болған жоқ. Осы бір сөзді естісек жүрегіміз лүпілдеп, сонау киын-қыстау кезеңдерді басынан өткерген еліміз, оқ пен оттың арасында қасықтай қаны қалғанша айқасып, қыршыннан кеткен жастарымыз, тәуелсіздік жолында құрбан болған асыл азаматтарымыз еріксіз есімізге түседі. Екі жүз жылдай патшалы Ресейдің отары, жетпіс жылдан астам уақыт Кеңес өкіметінің бұғауында болған Қазақстан бүгінде егеменді ел. Тәуелсіздік елімізде көптеген саланың қарыштап алға жылжуына мұрындық болды. Мемлекеттік басқару институттарында реформалар қолға алынды. Елу жылда ел жаңа демекші, тәуелсіздіктің төл құрдастары осынау ілкімді істің барлығының басы қасында жүрді. Осы дүмпу шарпып, жедел дамыған салалардың қатарында сот саласы да бар.

Тәуелсіздік – ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастан кешу арқылы қол жеткізген өз мемлекттілігін құруға деген заңды құқығы. Еліміз қалай болғанда да сан ғасырлық киын-қыстау жолдан, тар жол тайғақ кешуден өтіп, тәуелсіз елдер қауымдастығына қосылды. Дербес болуға бағыт алған егемен еліміз – Қазақстанды көркейтуге, шаңырағын биіктетуге, абыройын асыруға біз жұмыла еңбек етуіміз қажет. ХХІ ғасырда қазақтың қасіреті аз, қуанышы көп болғай!

М.ТҰРҒАНБАЕВ,
Қызылорда қаласының мамандандырылған
тергеу сотының төрағасы

КӨЗҚАРАС

ҚҰЖАТ ТИІМДІЛІГІН КӨРСЕТТІ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды реттейді.

Әкімшілік рәсімге қатысушы өзіне қатысты қабылданған әкімшілік актімен келіспеген жағдайда сотқа жүгіне алады.

Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, мәлімдемелерімен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектелмей, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызды бар барлық нақты мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттейді.

Судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала пікірін айтуға құқылы.

Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинай алады. Сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді жүзеге асырады.

Сонымен қатар, «Татуластыру рәсімдері» кеңінен қолданылады. Егер тараптар дауды татуласу, медиация не partisипативтік жолмен шешуге тоқтаса, онда келісім жазбаша түрде жасалады. Оған екі жақ немесе олардың өкілдері қол қояды. Судья тараптардың татуласуы үшін қажетті шаралар қабылдай алады, дауды процесс барысында реттеуге көмектеседі.

Татуласу, медиация немесе дауды partisипативтік рәсім бойынша келісім

не оның шарттары заңға қайшы келген жағдайда, сот оны бекітпейді. Сондай-ақ, адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзатын келісімдерге де жол берілмейді.

Дауласушы тараптар өзара татуласу, медиация немесе дауды partisипативтік рәсімге келісім бермесе немесе сот келісімнің шарттарын бекітпесе, әкімшілік істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі.

Жекелеген процестік әрекеттерді жүргізуді қоса алғанда, әкімшілік сот ісін жүргізу ақылға қонымды мерзімде жүзеге асырылады. Ақылға қонымды мерзімді айқындау кезінде әкімшілік істің құқықтық және нақты күрделілігі, әкімшілік процеске қатысушылардың процестік құқықтарды пайдалану және процестік міндеттерді орындау дәрежесінен көрінетін мінез-құлқы, соттың әкімшілік істі жедел қарау мақсатында жүзеге асырылатын әрекеттерінің процестік тұрғыдан жеткіліктілігі мен тиімділігі сияқты мән-жайлар ескеріледі.

Қорыта айтқанда, елімізде әкімшілік соттардың азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың ерекше тетігіне айналатынына сеніміміз мол.

Ж.КУНАЕВА,
Мұғалжар аудандық
№2 сотының судьясы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

МЕРЕЙ

«БАҚЫТ – БІРЛІКТЕ, БАЙЛЫҚ – ЕҢБЕКТЕ»

Көк байрағымызды көкте желбіретіп, Оңұранымызды әуелете шырқатып, Елтаңбамызды елдігіміздің тұғыры етіп көрсеткен күннен бастап бүгінге дейін елдігіміз нығайып, шекарамыз шегенделіп, бәсекеге қабілеттілігіміз арта түсті. Тәуелсіздікті бар байлығымыз ретінде қабылдау – бөлек, оны сақтап қалу – ұлы міндет.

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін еліміздің әділ сот жүйесі тарихының екінші кезеңі жүзеге асырылды. Оны 1991 жылғы 16 желтоқсандағы «Мемлекеттің тәуелсіздігі туралы» заңымен тікелей байланыстырамыз. Елбасы Н.Назарбаевтың: «ХХІ ғасырдағы ұлт дамуының маңызды өлшемі – мінсіз және тиімді ұлттық сот төрелігі жүйесі. Тәуелсіз және әділетті сот – құқықтық мемлекеттің негізі. Оның әлемнің бірде-бір елінде, тіпті ең дамыған мемлекеттерде де қолайлы инвестициялық ахуалдың да, азаматтардың жоғары әл-ауқатының да, қоғамның табысты дамуының да болуы мүмкін емес» деген сөзінің мағынасы жыл өткен сайын маңызды құжатқа айналуда. Сондықтан еліміздің бүгіні мен ертеңі үшін әділ сот жүйесі қалыптасуының маңызы зор.

30 жылдық белесте жеткен жетістіктеріміз жаңа дәуір бастауы боларына сенім мол. Бейбітшілік пен тұрақтылықты, ынтымақ пен жасампаздықты ұстанған жас мемлекеттің болашағы алда. Халқымыздың тағылымы мол сөздік қорында «Бақыт – бірлікте, байлық – еңбекте» деген тәмсілі бар. Азаттықты аңсап өткен бабалар болашақ ұрпағы үшін қандай тер төккені белгілі. Бүгінгі избасарлар сол еңбекті ақтайтындай елімізге қызмет етуіміз керек.

Дина ҚҰРМАНҒАЗЫҚЫЗЫ,
Қызылорда облысы мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік соты кенесесінің аға сот приставы

ТЕМІРҚАЗЫҚ

ПІКІР



Бүгін де ата-бабамыз армандаған тәуелсіз күн арайлап атып, көк байрағымыз көкке желбіреді. Жас елдің

МЕЖЕ

СОТ САЛАСЫ ТӘУЕЛСІЗ ҚҰҚЫҚТЫҚ ИНСТИТУТҚА АЙНАЛДЫ

Тәуелсіздік тәңірдің бізге берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Отыз жыл ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен ұлттық құндылықтарды жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық.

Соның ішінде, мемлекетті басқару жүйесінде сот билігінің алатын орны ерекше. Өйткені, заң шығарушылық, және атқарушылық билік тармақтарымен қатар сот билігі қоғамдағы даулы қарым-қатынасты реттеудің бірден бір тиімді құралы. Сондықтан да, тәуелсіздік алған жылдардың ішінде мемлекетіміздің сот жүйесінде, соттардағы дауларды шешуді жеңілдетуге, азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған көптеген өзгерістер орын алды. Қазір Қазақстанда халықаралық-экономикалық соттар, әкімшілік соттар, аса ауыр қылмыстық істер жөніндегі халықаралық мамандандырылған соттар жұмыс істейді.

ПОЭЗИЯ

ОТЫЗ ЖЫЛ ЖЕЛБІРЕП ТҰР КӨК ТУЫМ!

*Отыз жыл бұрын ойластырып жан-жақты,
Сараладық, сараптадық салмақты...
Сол шешімнің арқасында шығынсыз,
Көптен күткен Тәуелсіздік таңы атты...*

*Өз алдына көтермек боп көк туын,
Талай ғасыр армандады көп буын...
Күн астында қыран көкке қалықтап,
Тура отыз жыл желбіреп тұр көк туым!*

*Сүйеніп жазған тарихи талай дерекке,
Әнұран мен Елтаңбамыз ерекше.
Рәміздер білдіретін елдікті,
Мәні айрықша зейінді мен зерекке.*

*Отыз жылда егемен ел болғалы,
Қалыптасып, қаланды ел қорғаны.*

БІР МҮДДЕ

ЖАҢА КӨКЖИЕККЕ КӨТЕРІЛГЕН ЖҮЙЕ

Тәуелсіздікпен қатар келген жаңа реформалар сот жүйесіне тың серпін әкелді. Дербес сот билігінің қалыптасуы да осы тәуелсіздік жылдарынан кейін бастау алды.

Азаттықтың алғашқы жылдары ел өзге мемлекеттер секілді әртүрлі экономикалық, саяси, әлеуметтік, құқықтық киындықтарды бастан кешірді. Десек те, жас мемлекет бұл сынақтың бәрінен өзінің сарабал саясат, білікті мамандары мен қарапайым қазақстандықтардың арқасында абыроймен өтті. Оңды өзгерістер өз алдына дербес тәуелсіз сот жүйесіндегі барлық ұғым түсінік, қасаң қағидаларға да сілкініс жасады. Бұған дейінгі сірескен сең тұтастай бұзылып, елдегі негізгі басты құрылым сот саласы қадрлық, қаржылық, кәсібилік, ашықтық

тарихындағы жаңа дәуір өзінің бастауын тәуелсіздіктен алады.

Ел тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде елімізді дүниежүзі танып, Елбасының ерен еңбегінің, сындарлы саясатының арқасында саяси-экономикалық, әлеуметтік табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік алдық. Тәуелсіздік – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын дінгеі.

Біздің Ата Заңымыз – тәуелсіздіктің негізгі нышандарының бірі. Қазақстанның өз мемлекеттік рәміздері бар. Олар Ту, Елтаңба, Әнұран. Рәміздер егемендікті, бостандықты, дәстүрлерді, тәуелсіздікті көрсетеді. Біз өткен 30 жыл ішінде қандай меже-

ге жеттік, жеткен жетістігімізді ұрпақ жадында жаңғыртып, еліміздің болашақ тағдырын, тарихын, салты мен дәстүрін дәріптеу біздің қолымызда.

Тәуелсіз ел болғандығымыздың арқасында ғана Қазақстанның сөзі мен ісін бүкіл әлем таныды. Тәуелсіздік – ел егемендігінің айғағы. Көгімізде мемлекет Туы желбіреп тұр. Ғасырлар бойы арман еткен егемендікті қазақтың басына қонған бағы, астына орнаған тағы деуге болады.

Бақыт ЕРМАХАНОВ,
Батыс Қазақстан облысының
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының төраға м.а.

заманғы ақпараттық технологияларды толық ауқымды енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Пандемия кезінде соттар бейне-конференц байланыс арқылы сот процестерін сәтті өткізді. Сот процестеріне қатысуды, сотқа шақырылатын адамдарды жедел хабарлауды қамтамасыз ету мақсатында электрондық хабарламалар пайдаланылады. Бұл халықпен қатынысты арттырып, пошта жөнелтілімдерін төлеуге бөлінетін орасан зор қаражатты үнемдеуге мүмкіндік берді.Тізе берсек еліміздің сот жүйесінде уақыт сұранысына сай өзгерістер жетерлік. Қорыта айтқанда, ел Тәуелсіздігінің 30 жылында Қазақстан Республикасының сот саласы жан-жақты дамыған құқықтық институтқа айналды.

Қалима ДУАМБЕКОВА,
Әуезов аудандық сотының
судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

<i>Алыс-жақын ағайындар санасып, Әлем танып, отан болдық ордалы.</i>
<i>Бодандықтан босап елім бұрынғы, Қазақстан қуатты ел боп құрылды. Ата-бабам армандаған, аңсаған, Тәуелсіздік – болғай енді тұғырлы!</i>
<i>Емеспіз біз өзгелермен суысқан, Бәріміз де бауырласпыз туысқан. Татулық пен Тәуелсіздік ел қымбат, Енді осыны шығармайық уыстан!</i>

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ,
ҚР ІІМ Еңбек және Құрметті ардагері
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі



сот беделін біршама жақсартты. 2011 жылы қабылданған Медиация заңы аталмыш салаға енгізілген ең оңды өзгерістердің бірі болды.

Тәуелсіз елдің сот жүйесі өзінің кәсібиленгенін, халықаралық стандартқа бет бұрғанын, адам құқығының ең басты орында екендігін дәлелдеген әділетті құқықтық жүйе екендігін бүгін де нақты мысалдармен көрсетті. Ел сеніміне ие болу аталмыш саланың негізгі ұстанымына айналды.



ЖОБА

«7 ТҮЙІН» ЖЕТІСТІКТЕРІ

Қазіргі таңда жастар арасында ажырасу көп. Ажырасудың негізгі себебі жұмыссыздық, ішімдікке салыну, мінездері келіспеуіне байланысты, жаңа отбасының пайда болуы.

Қазаққа «Ұяда не көрсен ұшқанда, соны ілерсің», «Ата көрген, оқ жонар, шеше көрген тон пішер», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген көптеген өлшемдер бар. Осы өлшемдерге қарайтын болсақ, бар мәселе отбасынан басталатынын ұғуға болады.

Ертеңгі өмірдің болашағы – ұрпақ. Оларға тәрбиенің мәнділігін, оның қаншалықты маңызды екендігін үнемі түсіндіру қажет. Отбасылық құндылықтарды қастерлеп, оларға кір келтірмеу – барша халықтың басты парызы.

2018 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соттың төрағасы Ж.Асанов сот жүйесінің әрі қарай дамуына жаңа серпін берген «Сот жүйесінің жеті түйіні» жобасын ұсынды.

Аталған жоба сот жүйесін әрі қарай жетілдіруге бағытталған 7 басым бағыттардан тұрады. Жобаның бір бағыты «Татуласу: сотқа дейін, сотта» нұсқасы. Оның мақсаты – халықтың санасын өзгертіп, қоғамдағы дауекестіктің деңгейін төмендету және дауларды келісім арқылы тиімді шешу мүмкіндіктерін жоғарылату.

Жоба бойынша кешенді жұмыстар нәтижесінде дауларды шешудің мәдениеті қалыптасады, моральдық және материалдық шығындар азаяды, дауекестіктің деңгейі төмендейді және құқық бұзушылықтың алдын алуға болады.

Жобаның бір бағыты болып табылатын «Татуласу: сотқа дейін, сотта» шенберінде Жәнібек ауданының 9 ауылдық округінде Билер кеңестері құрылды. Жәнібек ауданы орталығында «Татуласу орталығы» ашылды. Татуластыру орталықтарында қаралатын даулардың басым бөлігін отбасылық, неке, жер даулары, еңбек шарттары мен басқа да келісім шарттардан туындайтын даулар құрайды. Жәнібек аудандық сотында «Татуластыру кабинеті» бар.

Қазақ ежелден ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерін берік ұстанған, рухани құндылықтарын ұлықтаған халық. Кезінде билер институты, ақсақалдар алқасы болған, шет шыққанды шеттетпеген, тентекті түзей білген ел ретінде Билер кеңесінің болуы өте маңызды.

А.САЛИХОВА,

Жәнібек аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ӨРТУРА

«Нұр-Сұлтан қаласында қауіпті медициналық қалдықтарды толық экологиялық қауіпсіз залалсыздандыру (көзде жарату) қызметтерін көрсету» МЖӨ сервистік жобасы бойынша жеке қаржылық бастамашылық жасау туралы хабарлама

«Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларының 12-параграфына сәйкес осы құжат арқылы «Нұр-Сұлтан қаласында қауіпті медициналық қалдықтарды толық экологиялық қауіпсіз залалсыздандыру (көзде жарату) қызметтерін көрсету» МЖӨ сервистік жобасына (бұдан әрі-Жоба) тікелей келіссөздер жолымен бастамашылық жасайтыны туралы хабарлайды.

МЖӨ жобасының негізгі техника-экономикалық параметрлері

МЖӨ жобасын жүзеге асыру шеңберінде Нұр-Сұлтан қаласындағы денсаулық сақтау саласындағы барлық ведомстволық бағынысты ұйымдарда түзілетін «Б», «В» және «Г» (құрамдағы сынап бар) сыныптарына жататын медициналық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сақтау және залалсыздандыру (көзде жарату) қызметтерін көрсету жоспарланып отыр.

Қызметтер ҚР Экологиялық кодексінің нормаларына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, ҚР СТ 3498-2019 «Қауіпті медициналық қалдықтар Бөлек жинауға, сақтауға, қабылдауға, тасымалдауға және көзде жаратуға (залалсыздандыруға) қойылатын талаптар» ұлттық стандартына және Қазақстан Республикасының басқа да қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұсынылуы тиіс.

Бірінші сыныптағы рұқсаттардың (лицензиялардың) тізбесіне сәйкес (ҚР «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» заңына 1-Қосымша) әлеуетті Жеткізудің қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындап, қызметтерді көрсетуге Лицензиясы болуы тиіс (Қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, көзде жарату және (немесе) жою, иеліктен шығарылымды, 1-сынып).

Әлеуетті жекеше әріптес төмендегілерді орындауы тиіс: – кемінде 200 000 000 теңге мөлшерінде жобаға инвестициялар салу;

– қауіпті медициналық қалдықтарды: а) өндірістік базда және, б) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығының талаптарына және ҚР СТ 3498-2019 талаптарына жауап беретін жабдықта толық залалсыздандыруды жүзгізу; – жабдықта, сондай-ақ, толық кешенді газбен тазарту жүйесіне толық техникалық құжаттамыны ұсыну; – жабдықтың жұмысы кезінде төмен көміртекті із қалдыруды қамтамасыз ету; – қондырғыны түгін газдарының құрамын бақылау жүйесімен жасактау, бір жинақта: О2 оттегі мен СО2 иіс газын талдағыш, сынама іріктеу жүйесі, SO2 күкірт диоксидін талдағыш, NOx азот тотықтарын талдағыш, HCl хлор сутегін талдағыш, газ тазарту жүйесінен кейін орнатылатын түгін газдарының шығыны мен жылдамдығын өлшегіш, сонымен қатар талдағыштардың деректерін өңдейтін есептеу блогы, газ талдағыштарды онлайн режимде интернет сайтка беру жүйесі және т.б.;

– ҚР СТ 1513-2019 «Ресурс үнемдеу. Технологиялық цикльдің барлық сатысында қалдықтарды пайдалану. Құрамында сынап бар қалдықтарды жетілеу және қайта өңдеу әдістері. Негізгі ережелер» ұлттық стандартына сәйкес қалдықтың негізгі заттың салмақтық үлесі кемінде 95% құрайтын сынапты алуға мүмкіндік беретін қондырғыда «Г» сыныбындағы қауіпті медициналық, құрамында сынап бар қалдықтарды сынаптан арыштуды қамтамасыз ету.

Медициналық қалдықтарды көзде жарату жөніндегі қызметтерді әлеуетті жеткізгіштердің материалды-техникалық базасы мен жабдығы ҚР СТ 3498-2019 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші

орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 28 ақпандағы № 155 «Мемлекеттік сатып алынуы кезінде әлеуетті өнім берушілерге және өнім берушілерге қосымша талаптар белгіленуі мүмкін жекелеген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту» туралы бұйрығына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының аумағында орналасуы тиіс.

Бюджеттен құрағылатын төлемдер және (немесе) мемлекеттік қолдау шаралары

ҚР «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік» туралы заңының 27-бабына сәйкес қарастырылған мемлекеттік қолдау көрсету шаралары бұл жоба шеңберінде көзделмейді.

Көші түскен өтінім шеңберінде тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердегі нақты қажеттілік

Залалсыздандыруға көзделіп отырған Б, В және Г (сонымен қатар құрамында сынап бар) сыныбындағы медициналық қалдықтардың шартты-есептелген көлемі жылына 592 084 кг құрайды.

Қызметтер ҚР Экологиялық кодексінің нормаларына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, ҚР СТ 3498-2019 «Қауіпті медициналық қалдықтар Бөлек жинауға, сақтауға, қабылдауға, тасымалдауға және көзде жаратуға (залалсыздандыруға) қойылатын талаптар» ұлттық стандартына және Қазақстан Республикасының басқа да қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұсынылуы тиіс.

Жобаны техникалық күрделі және (немесе) бірегей жобаларға жатқызу

Жоба техникалық күрделі немесе бірегей болып табылмайды.

Балама ұсыныстарда мынадай ақпарат қамтылуы тиіс:

– әлеуетті жекеше әріптестің атауы және мекенжайы; мемлекетке тиесілігі (заңды тұлғалар үшін), азаматтығы (жеке тұлғалар үшін);

– заңды тұлғалардың басшылары немесе иегерлері туралы және әлеуетті жекеше әріптесті танытатын тұлғалар туралы мәліметтер;

– қолданған жағдайда қызметтерді ҚР Экологиялық кодексінің нормаларына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, ҚР СТ 3498-2019 «Қауіпті медициналық қалдықтар Бөлек жинауға, сақтауға, қабылдауға, тасымалдауға және көзде жаратуға (залалсыздандыруға) қойылатын талаптар» ұлттық стандартына және Қазақстан Республикасының басқа да қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұсынуға мүмкіндік беретін технологиялардың бай-жоғы және жабдықтың сипаттамалары туралы ақпарат.

– әлеуетті жекеше әріптестің Қағидалардың 3-Қосымшасына сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар;

– қағидалардың 128-тармағына сәйкес әлеуетті жекеше әріптеске тиесілі объектіге қатысты меншік құқығын немесе ұзақ мерзімді жалдау құқығын растайтын құжаттар қоса тіркеледі;

– осы хабарламаға және Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнама талаптарына сәйкес құрастырылған бизнес-жоспар;

– зияткерлік меншік бойынша растаушы құжаттар (бар болса).

Әлеуетті жекеше әріптестердің балама ұсыныстары өзінің сипаттамалары мен параметрлері бойынша Хабарламада көрсетілгенге тең немесе одан жоғары болуы тиіс (Мемлекеттік әріптес үшін жақарту қажарту қажармай).

Жобаны жүзеге асыруға мүдделі болған жағдайда келесі мекенжайға сәйкес құжаттарды ұсыну керек:

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа даңғылы, 13, «Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ, 413-қаб., тел. +7 (7172) 55-75-77.

Балама ұсыныстар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 30 күн ішінде қабылданады.

ТАРАТУ

2. Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі ұйымдастырудың біріктіру жолымен қайта құрылып, Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталғанын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Шардара қаласы, Қазбек би көшесі 2Г үй.

3. Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі ұйымдастырудың біріктіру жолымен қайта құрылып, Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталғанын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы Шардара қаласы С.Аширов көшесі, 6.

4. Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі ұйымдастырудың біріктіру жолымен қайта құрылып, Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып қайта ұйымдастырылғанын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы Шардара қаласы С.Аширов көшесі, 6.

5. Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі ұйымдастырудың біріктіру жолымен қайта құрылып, Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталғанын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы Шардара қаласы Түгелбаев көшесі, 12Б.

6. «АдиНаз» ЖШС ұйымы, БСН 180140037959, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан қаласы, Баян Батыр к., 80 үй.Тел.87029790089.

7. «World Commodities Group (Ворлд Комодитис Групп)» ЖШС, БСН 200740007281, 14.12.2021 №3 шешімге сәйкес, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Тагарин даңғылы, 35 үй, 160 пәтер. Тел.: 8778881104.

8. Ауылшаруашылық өндірістік кооперативі «Сарытерек өнімдері», БСН 170440031790 (Қазақстан, Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы, Сарытерек селолық округі, Сарыөзек көшесі,9 үй,1 пәт.) өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды обл., Сарытерек селолық округі, Бестерек көшесі, 25 үй. Тел.87783064456

11. «NurJan8» ЖШС (БСН 171040033081)өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Біржан сал көшесі, 170 үй.

13. «Деловые программы» ЖШС, БСН 150940002276, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Белинский көшесі, 42-16. Тел.: 87011102444.

14. «Техно Ломбард №1» ЖШС БСН 180740008868 өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағым Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 1 шағын ауданы, 41 үй, мекенжайы бойынша жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Тәуелсіздік әр қазақтың мақтан тұтар салтанатты күні. Қазақ азаттықты ұзақ ансады. Желтоқсан оқиғасы осы игіліктердің бастауы болды. Желтоқсан қазақтың арман мұратының атойлаған күні еді.

Желтоқсан көтерілісіне Кеңес Одағы Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің қаулысымен «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деген баға беріліп, көтеріліске қатысқан азаматтар қуғын сүргінге ұшырады. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының тоталитарлық, отаршыл саясатына қарсы қазақ жастарының азаттық күресі алғашқы кезде осылай таңбаланды. Бұл бостандыққа, еркіндікке, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы тарихындағы елеулі оқиға. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін елде көптеген жаһандық өзгерістер орын алды. Соның ішінде екі палаталы заңнамалық органды қалыптастыру, биліктің сот тармағын қалыптастыру және жаңғырту, жеке қарулы күштерін және шекара әскерін құру болды.

Қазақстан посткеңестік елдерінің арасында шетелдік инвесторларды тарту бойынша көбасшы бола отырып, әлемдік экономикалық жүйеге бірігуге мүмкіндік алды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін көп ұзамай, өз еркімен мемлекет аумағында қандай да бір ядролық қаруды қолдануға тыйым салып, өзін ядролық қару қолданбайтын ел деп жариялады және тағыда басқа көптеген жаһандық игілікті өзгерістерге мұрындық болды.

Б.ИЗАХМЕТОВ,

Қорғалжын аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

16. «Ломбард Профит Каз» ЖШС, БСН 181040030653. 21.12.2021 жылы шағын қаржылық – Ломбард қызметін жүргізуге 01.03.2021 жылы берілген №05.21. 0018. Л лицензиясының әрекетін тоқтату жөніндегі ерікті түрде өкілетті органға жүгіну туралы шешім қабылдағанын хабарлайды. Барлық сурақтар бойынша мына мекенжайға хабарласу қажет: Алматы обл Талдықорған қаласы, Біржан Сал көшесі, 48.

17. Талап» ҚБ-і (БСН 020940006837) – өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Примова көшесі, 5 үй.

18. «Көнтөбе» су пайдаланушылардың СТК-і (БСН 080640007151) – өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Мақпалкөл ауылы, Әбдікарим Оналбаев көш, 8 үй.

19. «ЭКО-ФЕРМА» ЖШС, БСН 170440011518, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 111108, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Затобол кенті, Павлов көшесі, 125 үй.

20. «Food Tech Group» ЖШС, БСН 210440022315, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Шығыс өндірістік аймақ, 142/1 құрылыс.

Қоғамдық-саяси құқықтық «Заң газетінің» ұжымы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы м.а. Гүлажар Қоянбайқызы Бақытжановаға анасы

МҰҚАШҚЫЗЫ Айымханның

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облыстық соты мен ҚР Судьялар одағының облыстық филиалы және Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің ұжымы отставкадағы судья

САРИЕВ Бақтыбай
Нағашыбайұлының

қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, судьялары мен аппараты сот саласының ардагері

Бақтыбай Нағашыбайұлы
САРИЕВТІҢ

қайтыс болуына байланысты оның отбасына ауыр қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

МҰРАҒЕРЛІК

9. 07.01.2021 ж. қайтыс болған Абдуллаев Музапардың артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Орынтаев к.,60/2,тел.ном.:87773677972.

10. 24.07.2021 ж. қайтыс болған Джайлаубаев Тлеуберген Бағибаевичтің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Р.С.Байғожасаеваға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы,Орынтаев к.,60 ү,тел.ном:8775184121.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-көңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-РV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі,61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

